**Милицияның учаскелік инспекторының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқауды бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бұйрық 1993 жылғы 31 желтоқсан N 471 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық нормативтік актілерді тіркеу бөлімінде 1994 жылғы 30 қарашада тіркелді. Тіркеу N 25. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2001 жылғы 05 ақпандағы N 100 бұйрығымен. ~V011509

Милицияның учаскелік инспекторларының құқық тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. Милицияның учаскелік инспекторының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқау бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Секретариат (Е.Н. Лапшин) бұйрық пен Нұсқауды тіркеу үшін Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Алматы қалалық ІІББ, облыстар мен Ленинск қалалық ІІБ бастықтары 1994 жылғы 1 тоқсан ішінде:

3.1. Кәсіби және қызмет даярлығы жүйесінде милицияның учаскелік инспекторлары мен ішкі істер органдарының бөлімшелері қызметкерлері Нұсқауды оқып білуін қамтамасыз етсін.

Қалалық, аудандық ішкі істер органдарының комиссияларын құрып, зачеттар қабылдасын.

3.2. Нұсқау талаптарын ескере отырып, ІІБ (ІІББ), қалалық, аудандық ішкі істер органдарының басшылары мен инспекторлар құрамының функциональдық міндеттерін қайта қарасын.

3.3. Жедел жағдай мен халықтың санын ескере отырып аймақтық қызмет көрсету учаскелері мен милицияның учаскелік (аға учаскелік) инспекторларының қажетті санын анықтасын. Жергілікті өкілді және атқарушы органдарға милицияның учаскелік инспекторларының қосымша санын ұстауға жергілікті бюджеттен қаржы бөлу туралы дәлелді ұсыныс жасасын.

4. КООББ (Т.С.Ермағанбетов) 1994 жылғы бірінші жартыжылдықты Нұсқау талаптарын ескере отырып, ішкі істер органдары жүйесінде және ІІМ оқу орындарында милицияның учаскелік инспекторларын кәсіби даярлау бағдарламаларына өзгерістер енгізсін.

5. АЕО (С.С.Назаров) милицияның учаскелік инспекторы жұмысының нәтижелері туралы тоқсан сайын статистикалық есеп беруді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықты орындау жөніндегі істелген жұмыстар туралы бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша ІІМ КТСББ баяндалсын. Одан әрі осы жұмыстың күйі мен нәтижесі жартыжылдық пен жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы жөніндегі баяндама хатында көрсетілсін.

7. КСРО ІІМ 1987 жылғы көкектің 20-ысындағы N 87 1988 жылғы

қыркүйектің 7-індегі N 190, 1988 жылғы қыркүйектің 30-ындағы N 236, 1990 жылғы мамырдың 24-індегі N 311 бұйрықтары күшін жойды деп саналсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы ІІМ Қоғамдық Тәртіп Сақтау Бас Басқармасына жүктелсін.

Министр
ішкі қызмет генерал-лейтенанты

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы | Қазақстан Республикасы ІІМ |
| Әділет министрлігі | 1993 жылғы 31 желтоқсанындағы |
| 1993 жылдың 9 желтоқсанындағы | N 471 бұйрығына |
| тіркелген | қосымша |
| Тіркеу N 3/15 - 2382 | |

## Милицияның учаскелік инспекторының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқау

### 1. Жалпы ережелер

1.1. Милицияның учаскелік инспекторының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі

нұсқау

ішкі істер органдарының милицияның учаскелік инспекторы (аға учаскелік инспекторы)

жұмысының міндеттерін, ұйымдастырудың негізгі

бағыттарын, олардың міндеттері мен құқықтарын белгілейді.

- Ескерту: Одан әрі - "нұсқау"

- Ескерту: Одан әрі - егер нұсқауда арнайы жазылмаса
"учаскелік инспектор".

1.2. Учаскелік инспектор қызмет көрсетілетін учаскедегі аудандық, қалалық, қалада аудандық ішкі істер бөлімінің

негізгі өкілі болып
табылады.

- Ескерту: Одан әрі - "қалалық, аудандық орган".

1.3. Учаскелік инспектордың міндеттері:
- азаматтардың жеке және мүліктік хауіпсіздігін қамтамсыз ету;
- қоғамдық тәртіптің сақтауын қамтамасыз ету;
- қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу;

- алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстарды ашу, сондай-ақ алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстарды ашуға белсенді қатысу;
- қылмыс немесе басқа да құқық бұзушылықтарын жасауы мүмкін адамдардың анықтау мен оларға қатысты алдын ала жұмыстар жүргізу;
- өз құзыры шеңберінде азаматтарға лауазымды адамдарға, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерге құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыруына көмек көрсету.

1.4. Учаскелік инспекторы қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Заң, осы Нұсқау, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілері, олардың өкілеттігі шеңберінде қабылданған жергілікті өкімет және атқару органдарының актілері құрайды.

1.5. Учаскелік инспектор лауазымына тағайындау, одан босату тиісті жергілікті атқару өкімет органдарымен келісім бойынша облыстық, қалалық ішкі істер басқармасы бастығының бұйрығымен жүзеге асырылады. Учаскелік

инспектор лауазымын әдетте, жоғары немесе орта арнаулы заң білімі бар қызметкер атқара алады.

1.6. Учаскелік инспекторларды тікелей бекітілген учаскесіне қызмет көрсетумен байланысты емес жұмыстарға төтенше жағдайларда және тек ішкі істер органы бастығының жазбаша өкімі бойынша жедел жағдай қиындаған кезде қатыстыруға болады.

Барлық негізгі міндеттерін учаскелік инспектор тек қызмет көрсететін бекітілген учаскесінде атқарады.

1.7. Учаскелік инспектор қызмет уақытында белгіленген формалы киіммен жүреді. Арнаулы міндеттерді орындау кезінде, тікелей бастығының рұқсатымен жай киіммен жүре алады.

1.8. Учаскелік инспектордың жұмыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының еңбек заңдарына сәйкес белгіленеді. Жұмыс режимін қалалық, аудандық орган бастығы учаскелік инспектор қызметін уақытының негізгі бөлігінде учаскеде болып, өзіне жүктелген міндеттерді тікелей орындаумен айналысатындай етіп, қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдайда ескере отырып, белгілейді.

1.9. Учаскелік инспектордың жұмысын ұйымдастыру қалалық, аудандық орган бастығына, қызмет жөніндегі оның орынбасарына, учаскелік инспекторларға басшылық жасау жөніндегі бөлімше басшыларына жүктеледі. Учаскелік инспекторлардың қызметін ұйымдық-методикалық, қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы ІІМ, Алматы қалалық ІІББ, облыстардағы және Ленинск қалалық ІІБ тиісті бөлімшелермен жүзеге асырылады.

Ішкі істер органдарының қызметі өз жұмыс салалары бойынша учаскелік инспекторлардың қызметін методикалық қамтамасыз етіп, жүктелген міндеттерді орындауға, кәсіби шеберлігін арттыруға, олардың қызметіне жұмыстың жаңа формалары мен тәсілдерін қолдануға қажетті методикалық және практикалық көмек көрсетеді.

## 2. Учаскелік инспектордың жұмысын ұйымдастыру

2.1. Учаскелік инспекторға қалалық, аудандық орган бастығының бұйрығымен әкімшілік учаске бекітіліп, оған реттік нөмір беріледі. Учаске көлемі мен шекарасы учаскелік инспекторға басшылық жасау жөніндегі бөлімше бастығының, халық саны мен құрамын, жедел жағдай күйін, аумақтың және ауданның әкімшілік бөлінуін ескере отырып, әр учаскелік инспектордың жұмыс ауқымы бірдей болатындай есеппен ұсыныс жасауы бойынша қалалық, аудандық орган бастығы белгілейді және қажет кезде қайта қарайды.

2.2. Учаскелік инспекторлардың штаттық саны қызмет көрсетілетін:

- қалаларда үш мыңнан аспайтын халыққа бір учаскелік инспектор;

- ауылды жерлерде - екі мыңнан аспайтын халыққа бір учаскелік инспектор, халық санын ескере отырып белгіленеді.

2.3. Учаскелік инспекторлардың қосымша санын ұстауға жергілікті өкімет және атқару органдары ішкі істер органы бастығының дәлелді ұсынысы бойынша өз бюджеттерінің есебінен қаржы бөле алады.

2.4. Әр учаскелік инспектор учаске паспортын жүргізеді (1 қосымша), онда учаскенің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа да ерекшеліктерін сипаттайтын деректер жинақталады.

Аталған ақпаратты учаскелік инспектор өзіне бекітілген учаскеде жұмыс істеу және зерттеу барысында, халықпен жеке қатынаста, сондай-ақ қалалық, аудандық орган бөлімшелерден, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктерден алады.

2.4.1. Учаске паспорты қалалық, аудандық орган секретариатында (кеңсесінде ) тіркелініп, учаскелік инспекторға қол қоюмен беріледі. Паспортқа жазу сиямен жазылады (арнайы аталған жағдайларда - қарандашпен). Паспорт беттері нөмірленіп, тігіледі және мөрмен басылады.

2.4.2. Учаске шекарасын өзгерткен кезде, жаңа паспорт рәсімделеді, оған қайта құрылған учаскеге қатысты ақпарат жазылады, бұрын жүргізілген паспорт қалалық, аудандық органның секретариатына (кеңсесіне) тапсырылып, белгіленген тәртіпте жойылады.

2.4.3. Паспорт жүргізу тәртібін қалалық, аудандық орган бастығы, оның қызмет жөніндегі орынбасары жарты жылда бір рет, милицияның учаскелік инспекторларының қызметін ұйымдастыру жөніндегі бөлімше бастығы бір тоқсанда кем дегенде бір рет тексереді.

2.4.4. Паспорт және жиналған іс қағаздар (құпия материалдардан басқа) учаскелік инспектордың қызмет бөлмесіндегі темір шкафта (сейфте) сақталады.

2.5. Учаскені қабылдау тапсырушы учаскелік инспектордың қатысуымен милицияның учаскелік инспекторларға басшылық жасау жөніндегі бөлімше бастығы немесе қалалық, аудандық орган бастығы орынбасарының бақылауымен жүргізіледі.

Қайта тағайындалған учаскелік инспектор учаске ерекшеліктерімен, жедел жағдай күйімен, кәсіпорын, мекеме, ұйым, қоғамдық құрамалардың басшыларымен таныстырылады, қажет кезде ол тиісті мемлекеттік органдардың басшыларымен таныстырылады.

Учаскені қабылдау мен тапсыру туралы паспортқа тиісті жазу жазылады.

2.6. Учаскелік инспектор қалалық, аудандық орган белгілеген шаралар мен қалыптасқан жедел жағдайда ескерілген бір айға және әр күнге арналған жұмыс дәптеріне (2 қосымша) жазылатын жеке жоспар бойынша жұмыс істейді. Бір

күнгі және бір айдағы жұмыс нәтижелері жұмыс дәптеріне жазылады.

2.7. Учаскелік инспектор өз қызметінде қалалық, аудандық органның басқа қызметкерлерімен тығыз өзара іс қимыл жасайды. Өзара іс қимыл ақпарат алмасумен, жеке өз мүддесімен немесе тікелей басшысының, қалалық, аудандық орган бастығының немесе оның қызмет бойынша орынбасарының өкімі бойынша өткізілетін бірлескен шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру жолдарымен қамтамасыз етіледі.

2.8. Қалаларда әр үш-төрт милицияның учаскелік инспектор лауазымына және ауылды мекемеде екі-үш лауазымға бір милицияның аға учаскелік инспекторы тағайындалады. Оны учаскелік инспекторлардың тобын басқара алатын және әдетте, жоғары заң білімі мен жұмыс тәжірибесі бар адам ауыстыра алады.

Аға учаскелік инспекторға бір мың адамнан аспайтын, сол жерде тұратын халқы бар учаске бекітіледі.

Бекітілген учаскеге қызмет көрсетумен бірге, аға учаскелік инспектор қылмысты ашу жөніндегі учаскелік инспекторлардың жұмысын ұйымдастырады, қылмысты ашу мен тергеу жөніндегі жедел және тергеу бөлімшелердің қызметкерлерімен олардың өзара іс-қимылын байланыстырады, сондай-ақ учаскелік инспекторлар тобы қызмет көрсететін аумақта құрама жедел-іздестіру шараларын өткізуде олардың қатысуын қамтамасыз етеді.

Ескерту: Қ. І, КТІИ аймақтық жедел өкілдері және осы аймақта қызмет өтеуші барлық наряд түрлері аға учаскелік инспектордың жедел бағыныштылығына беріледі.

2.8.1. Учаскелік инспекторларға кәсіби шеберлігін арттыру, штаттан тыс милиция қызметкерлерін іріктеу мен жұмысын ұйымдастыру, қоғамдастықтармен өзара іс-қимылды нығайту, құқық бұзушылықтармен жеке алдын ала жұмыс өткізу, азаматтардың хаттары мен арыздарын қарау мәселелеріне, қызмет бойынша басқа да міндеттерді орындауға көмек көрсетеді.

2.8.2. Бір айлық, тоқсан, жарты жылдық, жылдық нәтижелері бойынша учаскелік инспекторлар тобының жұмыс нәтижелерін қорытып, бағалайды және оны тиісті ұсыныстармен учаскелік инспекторлар қызметін ұйымдастыру жөніндегі бөлімше басшысына баяндайды (3 қосымша).

2.8.3. Аймақтық учаскедегі жедел жағдай күйін талдайды, бір айға учаскелік инспектор тобының жұмысын жоспарлайды, белгіленген шараларды орындау түрлері мен тәсілдерін белгілейді, оның өткізілуін бақылайды.

2.8.4. құқық бұзушылықтың алдын алу қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жұмыста учаскелік инспекторлардың қоғамдық құрамалармен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

2.8.5. Қылмыскерлерді, құқық бұзушыларды іздестіру мен ұстауды

ұйымдастырады, оған жеке өзі қатысады.

2.8.6. Аймақтық учаскеде қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылармен күрес жөніндегі міндеттерді орындауға жіберілген күштер мен құралдарды бөлуді қамтамасыз етеді.

2.8.7. Тікелей учаскелік инспекторлар тобына басшылық жасау жөніндегі міндеттерді орындау үшін:

2.8.7.1. Қажет кезде учаскелік инспекторларға қызметтік міндеттерді орындау мерзімі, түрлері мен тәсілдері туралы өкім беру;

2.8.7.2. Учаскелік инспекторлардың жұмысын бағалау, қызмет нәтижелері туралы оларды таңдау, учаскелік инспекторларға қызметтік мінездемелер, аттестациялар, ұсыну дайындауға қатысу;

2.8.7.3. Ішкі істер органының немесе қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің бастығына:

- учаскелік инспекторлар қызметін жетілдіру;
- аймақтық учаскенің аумағында күзет-пост нарядтарын қою;
- кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырудағы кемшіліктері туралы жергілікті өкімет және атқару органдарын хабардар ету;
- бекітілген аумақтағы учаскелік инспекторлардың жұмыс режимі;
- қызмет көрсетілген учаскелердің шекарасын өзгерту;
- учаскелік инспекторлардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау, оларды тұрғын жаймен, қызмет жайларымен, көлікпен, байланыспен, жедел-техникалық, құралдармен қамтамасыз ету;
- учаскелік инспекторларды көтермелеу мен тәртіптік жаза беру мәселелері жөнінде ұсыныс жасауға хұқы беріледі.

2.9. Милицияның аға учаскелік инспектор болмаған кезде (оқу, демалыс, ауырып қалу), оның міндеттерін қалалық, аудандық орган бастығының жазбаша өкімі бойынша ең бір даярланған учаскелік инспекторлардың біреуі орындайды.

2.10. Қызметтік міндеттерді табысты орындау мақсатында учаскелік инспектор қызмет көрсететін учаскедегі және жақын аумақтағы жедел жағдайда білуі керек және:

2.10.1. Учаске аумағын, қызмет көрсететін аумақтың ерекшеліктерін, жол жүйесін, байланыс торабын, транзиттік және жергілікті көлік қозғалысын, азаматтардың бұқаралық демалыс, діни және басқа да әдеп-ғұрыптардың өткізілетін жерлерін жақсы білуі керек. Құрамында есірткесі бар жабайы және мәдени өсімдіктердің өсетін жерлерін білуі керек. Дүкендер, тауар-материалдық бағалы заттар сақталатын орындар, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың колхоздар мен совхоздардың кассалары орналасқан жерлерді, олардың техникалық беріктігі мен күзет жүйесін, жұмысшыларға,

колхозшыларға қызметкерлерге айлық ақысы берілетін күнді, картотекада есепке алынған адамдардың ішіндегі автомото көлік иелерін, қоғамдық тәртіпті сақтауда қатысушы күштер мен құралдарды, олардың орналасқан жерін, олармен байланыс тәртібі мен тәсілін жақсы білуі керек.

2.10.2. Қылмыстардың санын, олардың сипатын, қызмет көрсететін аумақта жасалған ашылмаған қылмыстардың санын, оны жасауға мүмкіндік туғызған жағдайларды жақсы білу керек. Қылмыс жасаған адамдар туралы деректерді, күдіктілер мен жасырынып жүрген қылмыскерлердің белгілерін, зақымданған, ұрланған заттар, бұзылған немесе жойылған мүліктер туралы деректерді жақсы білуі керек.

2.10.3. Қоғамға қарсы өмір сүретін адамдардың топталатын жерлерін, сондай-ақ жиі қоғамдық тәртіп бұзылатын және қылмыс жасалатын жерлерді жақсы білуі керек.

## 3. Учаскелік инспекторлардың негізгі міндеттері

3.1. Азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі учаскелік инспектордың міндеттері:

3.1.1. Қылмыстық және басқа да құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан азаматтардың өмірін, денсаулығы мен мүліктерін қорғау.

3.1.2. Қылмыстан, әкімшілік құқық бұзушылықтан және сәтсіз жағдайлардан зақымданған, сондай-ақ дәрменсіз немесе басқа да денсаулығы мен өміріне қауіпті күйде болған азаматтарға көмек, соның ішінде дәрігер келгенге дейінгі көмек көрсету.

3.1.3. Апат, катастрофа, табиғи зілзала, өрт апаттар мен басқа да төтенше жағдайлар болған кезде адамдарды құтқару, оларға алғашқы медициналық жәрдем беру, ол жөнінде ішкі істер органының басшылығымен, халықты, қоғамды, мекемелердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың тиісті басшыларын уақтылы хабардар ету жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар қолдану.

3.2. Қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі учаскелік инспекторлардың міндеттері:

3.2.1. Өзіне бекітілген учаске аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру.

3.2.2. Күзет-пост және басқа да милицияның нарядтарымен өзара іс-қимыл жасау, учаскедегі қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі олардың қызметін бақылау; олармен аулаларды, үйлердің подъездерін аралап шығу, там төбесі астыңғы жайларды, сондай-ақ қоғамға қарсы өмір сүруші адамдарды табу мақсатында олардың болуы мүмкін басқа да жерлерді қарап шығу, осындай адамдарға қатысты тиісті ықпал шараларын қолдану.

Өткізілетін шаралар барысында ішкі істер органдарының қызметкерлерін және қоғамдық бірлестіктердің мүшелерін қызмет көрсететін учаскедегі жедел жағдай жөнінде, әкімшілік қадағалауда болған адамдар туралы, іздестірілуде болған қылмыскерлердің белгілері, ұрланған заттар және олардың өткізілуі мүмкін жерлер туралы хабарлап отыру.

3.2.3. Жедел жағдай өзгерістері жөнінде қалалық, аудандық орган бастығы белгілеген тәртіпте қалалық, аудандық орган басшылығына және кезекшіге баяндау.

3.2.4. Милицияның күзет-пост нарядтарын ең орынды қою туралы ұсыныс жасау, ал қажет кезде қалалық, аудандық орган басшыларымен немесе кезекшісімен келісім бойынша олармен учаске аумағында маневр жасауды жүзеге асыру. Кешіктіруге болмайтын жағдайларда, жедел жағдай өзгерген кезде , алдын ала келісімсіз учаскеде нарядтармен маневр жасауына болады.

3.2.5. Қоғамдық орындардан адам қадір-қасиетін және қоғамдық құлықтылықты қорлайтын мас күйінде болған адамдарды аластатуға шаралар қолдану; мұндай адамдарды медициналық айықтыру орындарында, қалалық, аудандық органның кезекшілік бөліміне жеткізу.

3.2.6. Қоғамдық бірлестіктермен күнделікті өзара іс-қимыл жасап тұру, оларға жұмысты жоспарлауға, қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға, ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдармен жұмыс істеуіне практикалық көмек көрсету.

Қоғамдық бірлестіктердің белсенділерін учаскеде жасалған құқық бұзушылықтар туралы, оны жасау себептері мен жағдайлар туралы хабардар ету, ішкі істер органдары үшін ықылас тудыратын ақпаратты қоғам өкілдерінен алу. Қажет кезде, қоғамдық тәртіпті бұзушы адамдардың жүріс-тұрысын талқылауға қатысу.

3.2.7. Жол және өрт қауіпсіздігі саласында қолданылатын белгіленген ережелердің сақталуына бақылау жасауға қатысу, осы ережелерді бұзушылардың жолын кесуге қажетті шаралар қолдану.

3.2.8. Азаматтар мен лауазымды адамдардың белгіленген паспорт жүйесі ережелерін сақтауына, сондай-ақ шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың олар үшін белгіленген Қазақстан Республикасы аумағына кіру, тұру, шығу мен транзиттік өту ережелерін сақталуына бақылау жасау.

3.2.9. Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың азаматтары мен лауазымды адамдарының атыс, газды қару, олардың оқ-дәрілерін, жарылғыш, күшті әсер ететін улы, химиялық заттар мен материалдарды, түрлі-түсті көбейткіш техниканы сақтаудың белгіленген ережелерін сақтауына бақылау жасау.

3.2.10. Денсаулық сақтау органдарының қызметкерлеріне күші жүретін

заңдардың талаптарына сәйкес созылмалы маскүнемдік аурумен, нашақорлықпен , адамның имунно-дефициттік ауруына шалдыққан (ВИЧ), шақыруға әдейі келмей жүрген, жұқпалы аурулармен ауыратын (агрессивті) адамдарды денсаулық сақтау мекемелеріне әкелуге көмектесу.

3.3. Қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу, жолын кесу жөніндегі учаскелік инспектордың міндеттері:

3.3.1. құқық бұзушылық жасауға мүмкіндік туғызатын себептер мен жағдайларды ашу, жеке өзі шаралар қолдану немесе оларды жою жөнінде қалалық, аудандық орган бастығына ұсыныс жасау.

3.3.2. Қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы деректері жоқ арыздар немесе хабарламалар алу кезінде учаскелік инспектор арыз берушіні қабылданған шешім туралы ауызша немесе жазбаша тексеру жүргізусіз құлақтандырумен шектелуге хұқылы. Арыз берушіні ауызша құлақтандыру кезінде учаскелік инспектор анықтама жазады, онда жауап беру датасы мен мазмұны көрсетіледі. Бұрын тексерілген және ол бойынша қаралып болған тексеру материалдары бар мәселелер бойынша қайта келу қалалық, аудандық орган басшылығының келісімі бойынша қайта тексеруге жатпайды, ол туралы арыз берушіге хабарланады, қолы жоқ, тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы немесе жұмыс орны не арыз берушінің оқу орны көрсетілмеген жазбаша арыздар анонимді деп танылып, жедел мүдделік білдіретіннен басқа (ішкі істер органы бастығының шешімі бойынша) деректер қарауға жатпайды.

3.3.3. Қоғамдық тәртіпті нығайту және қылмыспен күрес мәселелері жөнінде жергілікті өкіметті және атқару органдарына, қоғамдық бірлестіктерге, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына ақпарат дайындауға қатысу.

3.3.4. Халықпен, еңбек ұжымдарымен әрдайым байланыс ұстап тұру. Қызмет көрсететін учаскеде тұратын халық алдында орындалған жұмыс туралы кем дегенде тоқсанында бір рет және қалалық, аудандық орган бастығының алдында - айына бір рет есеп беру.

3.3.5. Қызмет көрсететін учаскеде тұратындардың арасынан заңсыз есірткі құралдарын жасаушы, сатып алушы, сақтаушы, тасымалдаушы және өткізуші сондай-ақ құрамында есірткісі бар заттарды егуге тыйым салынған өсімдіктерді егумен немесе өсірумен айналысатын адамдарды анықтау.

3.3.6. Арақ-шарап бұйымдарын сатудың белгіленген ережелерін бұзушы, арнаулы рұқсатсыз (лицензия) өткізу мақсатымен спирттік ішімдіктер, сондай-ақ сыра жасаушы және сақтаушы адамдарды анықтау.

Мұндай адамдарды қолданылатын заңдарға сәйкес жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдану.

3.3.7. Есірткі ішіп, токсикоманиямен айналысып, спирттік ішімдіктер ішіп

жүрген, кәмелетке толмағандарды маскүнемдікке, нашақорлыққа және қылмысқа итермелеуші адамдарды анықтау; мұндай адамдарды жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдану.

3.3.8. Қоғамдық тәртіпті әрдайым бұзушыларға, нашақорлар мен созылмалы маскүнемдерге, немесе басқа адамдардың құқықтарына мас күйінде қысым жасайтындарға материалдар ресімдеу.

3.3.9. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың заңға сәйкес белгіленген шектеулерді сақтауына бақылау жасау.

3.3.10. Жедел қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауда қылмыстық топтарды ұйымдастырушыларды, арандатушыларды және басқа құқық бұзушылық жасаған адамдарды, оларға қатысқандарды, ұрланған заттарды сатып алушыларды анықтау.

Ұйымдасқан қылмыстық топтар жөнінде деректер немесе есірткі бизнесімен, қорқытып алумен айналысушы адамдар туралы хабар, сондай-ақ мемлекеттік емес құрылымдардағы жемқорлық фактілері туралы хабар алған кезде, сол ақпаратты ұйымдасқан қылмыспен және жемқорлықпен күрес жөніндегі бөлімшеге жеткізетін ішкі істер органының бастығына рапортпен баяндайды.

Тексеру ұйымдастыру үшін жедел қызметтердің басшыларын ескертуге және басқа қолданылған шараларға қарамастан құқыққа қарсы өмір сүріп отырған, есепке алынғандар, қылмыс немесе басқа құқық бұзушылық жасауға қатысқандар туралы деректер бар жазбаша хабардар ету.

3.3.11. Учаскелік инспекторларға құқық бұзушы адам көрсетілмеген қылмыс туралы арыздар мен хабар бойынша тергеуге дейінгі тексеру жүргізуді, алдын-ала тергеу органдарының міндетіне кіретін қылмыстық істер қозғау мен тергеуді тапсыруға тыйым салынады.

3.4. Қылмыстарды ашу, жасырынған қылмыскерлерді және басқа да іздестірілуде болған адамдарды анықтау жөніндегі учаскелік инспектордың міндеттері:

3.4.1. Қылмыстар туралы арыздар, хабарламалар мен басқа да ақпараттар, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен жеке адамға немесе қоғамдық қауіпсіздікке қауіп тудыратын басқа да оқиғалар туралы ақпарат қабылдау, оны алғаны жөнінде қалалық, аудандық органның кезекшісіне кешіктірмей хабарлау; заңмен көзделген шараларды уақтылы қолдану.

3.4.2. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстар учаскеде анықталған кезде, қылмыстық-іс жүргізу заңдарымен көзделген кезек күттірмейтін тергеу іс-қимылын және қылмыс іздерін және басқа маңызы бар жағдайларда анықтау мен бекіту жөнінде жедел-іздестіру шараларын жеке өткізу.

3.4.3. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес қылмыстарға қылмыстық-іс

жүргізу заңдарының нормаларына сәйкес тергеу жүргізу; хаттама түрінде материалдарды сотқа дейін дайындау.

3.4.4. Алдын ала тергеу жүргізу міндетті қылмыстарды учаскеде анықталған кезде, оқиға болған жерді күзету, куәгерлерді анықтау, жәбірленушілерге көмек көрсету, қылмыс жасағанға күдікті адамдарды анықтау мен ұстау, қылмыстық құралдар мен басқа да айғақ дәлелдерді, ұрланған мүліктерді табу мен алу жөнінде шаралар қолдану.

3.4.5. Тергеу жедел тобы немесе қалалық, аудандық орган басшылары келгенге дейін учаскелік инспектор учаскедегі қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылармен күрес жөніндегі міндеттерді орындаушы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне "ізін суытпай" қылмыскерлерді әшкерелеу мен ұстау жөніндегі міндетті орындауға жататын өкім беруге хұқылы.

3.4.6. Қабылданған шаралар туралы оқиға болған жерге келген қалалық, аудандық орган басшыларына, кезекшісіне немесе жедел-тергеу тобының басшысына баяндау; оларға кезек күттірмейтін тергеу іс-қимылын жүргізуіне көмек көрсету.

3.4.7. Жасалған қылмысқа қызмет көрсететін учаскеде тұратын бұрын сотталғандардың және басқа да жүріс-тұрыс қоғамға қарсы адамдардың қатыстылығын (қылмыс жасаудың сыртқы белгілері, сипаты мен тәсілдері, оқиға болған жерде қалған қылмыскердің іздері, сондай-ақ жәбірленушінің денесінде және киімінде анықталғандар, ұрланғанның жеке белгілері бойынша) тексеру. Егер қылмыс жасауға қатысты деп тапса, жекелеген адамдарды жедел қызметтері қызметкерлерінің күшімен тексеру қажеттігі туралы қалалық, аудандық орган бастығына рапортпен баяндау.

3.4.8. Қылмыс жасаған, тергеуден, анықтама алудан, соттан жасырынып жүрген, қылмыстық жаза өтеуден немесе әкімшілік қадағалаудан жалтарушы адамдарды, хабар ошарсыз кеткендерді, дезертирлерді, сондай-ақ іздестіру ішкі істер органдарына жүктелген басқа да адамдарды жедел және басқа да қызметтері қызмтекерлерінің іздестіруіне көмек көрсету.

3.4.9. Іздестіру жарияланған адамдар туралы ақпаратты қызмет көрсететін учаске аумағындағы мекен-жайы, жұмыс және оқу орны бойынша тексеру, іздестірудегі адамның туыстары мен таныстары арқылы оның болатын жерін анықтау.

3.5. Алдын ала ықпал етуге жататын адамдарды анықтау мен есепке алу жөніндегі учаскелік инспектордың міндеттері:

3.5.1. Алдын ала ықпал етуге жататын адамдарды паспорт қызметінің (Ф N 26 карточкалары), кезекші бөлімнің, жедел қызметтердің, түзеу жұмыстары инспекциясының ақпаратын, халық соттарының, еңбекпен-түзету мекемелерінің, милицияның штаттан тыс қызметкерлерінің, қоғам өкілдерінің хабарламасын,

сондай-ақ азаматтар мен лауазымды адамдардың хаттары мен арыздарына жазылған, құқық бұзушыларды әкімшілік және басқа да жауапкершілікке тарту туралы құжаттардағы ақталмау негізінде қылмыстық іс қозғаудан бас тарту жөніндегі материалдардағы, қылмыскер туралы арыздар мен хабарламаларды есепке алу, қалалық, аудандық органға, ПРН, медициналық айықтыру орындарына жеткізілгендерді есепке алу картотекалардағы, кітаптар мен журналдардағы ақпаратты пайдалана отырып уақтылы анықтауды қамтамасыз ету.

3.5.2. Алдын ала ықпал етуге жататын адамдардың (4 қосымша);

- әкімшілік қадағалауда - қадағалау мерзім бойы тұрғындардың картотекалық есебін жүргізу.

- Жаза мерзімі немесе үкім орындалуы кейінге қалдырылуы кезеңінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза шараларына сотталғандардың.

- Қасақана қылмысы үшін сотталғандардың және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың - босатылған күннен бастап үш жыл бойы.

- Дәрігердің белгілеуінсіз есірткілер ішетіндердің және денсаулық сақтау органдарында есепте тұрғандардың, сондай-ақ есірткі сақталуына байланысты әкімшілік жаза немесе қоғамдық ықпал ету шаралар қолданылғандардың - әкімшілік жаза немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылған сәттен үш жыл бойы.

- Притондар ұстаушылардың және оған баратындардың, сондай-ақ есірткі ішу , токсикоманиямен айналысу, спирттік ішімдіктер ішу үшін жай ұсынатын адамдардың, кәмелетке толмағандарды маскүнемдікке, нашақорлыққа және қылмысқа итермелейтіндердің бір жыл бойы.

- Отбасы тұрмыс саласында құқық бұзушылық жасайтындардың аталған құқық бұзушылық үшін ықпал ету шаралары қабылданған күннен бастап бір жыл бойы.

- Спирттік ішімдіктер ішетіндер мен маскүнемдердің, сондай-ақ бір жыл ішінде екі рет медициналық айықтыру орнына жеткізілген адамдардың немесе спирттік ішімдіктер ішкені немесе қоғамдық ықпал ету шаралары бір жыл ішінде екі және одан көп қолданылғандардың; сондай-ақ самогон қайнатумен байланысты құқық бұзушылығы үшін бір рет осындай жазаларға ұшырағандардың

- медициналық айықтыру орнына жеткізілген, әкімшілік жаза берілген немесе қоғамдық ықпал ету шаралары қолданылған сәттен бір жыл бойы.

- Бір жыл ішінде екі рет ұсақ, бұзақылық және ұсақ ұрлық жасағандардың - соңғы рет әкімшілік жаза немесе қоғамдық, ықпал ету шаралары қолданылған сәттен бір жыл бойы.

- Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімшелерде есепке қоюмен бірге

құқық бұзушы кәмелетке толмағандардың және балаларды құқық бұзуға итермелеген ата-аналардың картотекалық есебін жүргізу.

Ескерту: Қадағалау тоқтатылғаннан кейін, осы сипаттағы адамдар қасақана қылмыс үшін бұрын сотталғандар ретінде есепке алына алады.

3.5.3. Есепке алынған алдын ала тексерілетін адамға бақылау карточкасын (4 қосымша) жүргізу, ол қалалық, аудандық ішкі істер органы милициясының учаскелік инспекторларына басшылық жасау жөніндегі бөлімше бастығында болатын алдын ала тексерілетін (5 қосымша) адамдарға жүргізілетін бақылау карточкаларын есепке алу журналында тіркеледі.

Алдын ала тексерілетін адамға бақылау карточкасын жүргізу дәлелдігі қалалық, аудандық орган бастығымен немесе қызмет жөніндегі орынбасарымен тексеріледі, ол туралы карточкаға тиісті белгі қойылады.

Алдын ала жұмыс жүргізу барысында қалалық, аудандық орган бастығының қызмет жөніндегі орынбасары немесе милицияның учаскелік инспекторларына басшылық жасау жөніндегі бөлімше басшысы бақылау жасайды.

Алдын ала тексерілетін адамдардың карточкалары алфавиттік тәртіпте қойылып, картотекаларға салынады, ол учаскелік инспекторлардың қызмет жайларындағы темір шкафтарда (сейфтерде) салынады.

Бақылау және алдын ала тексеру жұмыстары тоқтатылатын сотталған адамдардың карточкалары алдын ала тексерілетін адамдардың картотекаларының мұражай бөліміне салынып, сотталғандығын өтегенге дейін сақталады, одан кейін алынып, жойылады.

Алдын ала тексерілетін адамдардың қалған санаттарындағы адамдардың карточкалары да, оларға қатысты алдын ала жұмыстары тоқтатылғаннан кейін, жойылады. Карточкалар жойылғандығы жөнінде тіркеу журналында белгі қойылады.

Алдын ала тексерілетін адамдардың барлық қажетті материалдары жиналған істерде сақталады, олар құқық бұзушылар туралы ақпарат жинау және оларға алдын ала тексеру және қолданылатын заңдарға сәйкес басқа да шараларды уақтылы қолдану мақсатында жүргізіледі.

Алдын ала тексерілетін адам жаңа мекен жайға көшіп кеткен жағдайда, карточка аумақ бойынша қалалық, аудандық органға жіберіледі.

3.6. Лауазымды адамдарға, кәсіпорындарға, мекемелер мен қоғамдық бірлестіктерге заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруына көмек көрсету жөніндегі учаскелік инспектордың міндеттері:

3.6.1. Халық депутаттарына, халық депутатына кандидаттарға, мемлекеттік органдар мен мекемелердің лауазымды адамдарына, қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне қызмет көрсететін учаскеде, егер оларға қарсы іс-әрекет жасалса

немесе қауіп төнсе, олардың заңды қызметін жүзеге асыруына көмек көрсету.

3.6.2. Мемлекеттік салық қызметінің қызметкерлеріне қызмет міндеттерін орындауына қажетті көмек көрсету; заңда көзделген салық қызметі қызметкерлерінің өз лауазымды міндеттерін орындауына бөгет болған адамдарды жауапкершілікке тарту жөніндегі шараларды қолдану.

3.6.3. Халық сотының шешімі бойынша тұрғын жайынан азаматтарды шығару кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету.

Ескерту: учаскелік инспектордың міндеттеріне жабық жайларды ашу, мүліктерді шығару, оны сақтау, тұрғын үйден шығарумен байланысты құжаттар толтыру кірмейді.

3.6.4. Тікелей бастығының өкімі бойынша және өз құзыры шеңберінде қылмыстық-іс жүргізу заңдарына сәйкес жүргізуінде болған істер мен материалдар жөніндегі соттардың қаулылары мен прокурорлардың, тергеушілердің жазбаша тапсырмаларын орындау, олардың жеке іс жүргізу іс-әрекетін жүргізуіне көмек көрсету.

## 4. Учаскелік инспектордың негізгі құқықтары

4.1. Азаматтар мен лауазымды адамдардан қоғамдық тәртіпті сақтауды, құқық бұзушылық пен ішкі істер органдарының өкілеттігін жүзеге асыруға бөгет жасайтын іс-қимылдарды тоқтатуды талап ету; осындай талаптарды орындамаған жағдайда тиісті мәжбүр ету шараларын, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы заңында белгіленген арнаулы құралдар мен атыс қаруына дейін қолдану.

4.2. Жүргізуінде болған істер мен материалдар бойынша азаматтарды қызмет жайына шақыру, азаматтардан түсініктеме, анықтама, құжаттарын алып, олардың көшірмелерін түсіріп алу.

4.3. құқық бұзушылық жасауына дәлелді күдіктену кезінде азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ орындауына бақылау ішкі істер органына жүктелген тәртіп сақталуын тексеру үшін қажетті басқа да құжаттарды тексеру.

4.4. Ішкі істер органдарының міндетіне кіретін әкімшілік құқық бұзушыларды ішкі істер органдарының жайларына немесе учаскелік инспекторлардың қызмет жайларына жеткізу, оларды ұстау, адамдарды, заттарын, көлік құралдарын тінту, заттары мен құжаттарын алу, заңмен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істер бойынша жүргізілуін қамтамасыз ететін басқа да шаралар қолдану.

4.5. Өз құзыры шеңберінде жедел-іздестіру, соның ішінде азаматтармен сенімді қатынас орнатумен шаралар жүргізу. Техникалық құралдарды, кино,

бейне және заңмен көзделген жағдайлар мен тәртіпте дыбысын жазып алу құралдарын қоса қолдану.

4.6. Арнаулы медициналық мекемелерге немесе ішкі істер органдарының кезекшілік бөліміне қоғамдық орындарда адам қадір-қасиетін және қоғамдық құлықтылықты қорлайтын мас күйінде болған немесе айналасына немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін адамдарды, ал үйінде болып, құқық бұзушылық жасағандарды онымен бірге тұратын азаматтардың арызы бойынша жеткізу.

4.7. Қылмыстық жолын кесу мақсатында заңмен көзделген негіз болған кезде қылмыс жасауға күдікті адамдардың ізіне түсу, табиғи зілзала кезінде және қоғамдық тәртіп пен азаматтардың жеке қауіпсіздігіне қауіп төндіретін басқа да төтенше жағдайларда азаматтардың тұрғын және басқа да жайларына, кәсіпорындар мен ұйымдардың (дипломатикалық өкілдіктерден басқа) жер учаскелеріне аумағына және жайларына тәуліктің кез келген уақытында кіру, қарап шығу, сондай-ақ онда өткізілетін шаралар аяқталғанға дейін болу.

